



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ

«ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ ҚР МЕМЛЕКЕТТІК
ӨНЕР МУЗЕЙІ» РМҚК

ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ
ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР МУЗЕЙІНІҢ
2023 жылға арналған
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Алматы, 2022

«___» _____ 2022 ж.

ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР МУЗЕЙІНІҢ 2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Ә. Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейі коллекция жинақтау, оны зерттеу, сақтау мен еліміздің бірегей мәдени көркем мұрасын дәріптеу сынды жұмыстарына бағытталған музей ісіндегі басты міндеттерді атқарып келеді. Мақсаты анық музей қызметі келесідей нысандар бойынша жүзеге асырылады: коллекция жинақтау, сақтау, ғылыми-зерттеу жұмысы, реставрация және көпшілік көрермендер аудиториясына әлемдік өнер туындыларын насихаттау. Музейдің қор ісі, реставрация, экспозиция, ғылыми, ақпараттық, білім беру, жобалау және т.б негізгі түрлерін қамтамасыз ететін барлық құрылымдық бөлімшелердің жоспарлы және үйлесімді жұмысы музейдің жемісті қызметі болып табылады.

Музей құрылымы мынадай: қор сақтау және реставрациялау бөлімі, ғылыми бөлімдер, жобалау қызметі және музей педагогикасы бөлімі, баспасөз қызметі, көрме және экспозиция бөлімі, баспа бөлімі, техникалық қызметтер және әкімшілік аппарат. Музей жанында екі бөлімше жұмыс істейді: Орталық көрме залы және Әбілхан Қастеевтің музей-үйі. Музей қызметінің нәтижелілігі музейдің қор, экспозиция, ғылыми ақпараттық, білім беру, жобалау және т.б. құрылымдық бөлімшелерінің жоспарлы және жүйелі үйлестірілген жұмысына негізделген.

Көркемдік музей – қоғамның мәдени білімін көтеруде, ғылыми қызметті арттыруда, еліміздің имиджі мен туристік тартымдылығын қалыптастыруда мәдени және тарихи жадыларды сақтайтын маңызды әлеуетке ие әлеуметтік-мәдени институт. Заманауи музей – өнер, ғылым, білім, коммуникация, мәдени ақпарат және шығармашылық инновациялар ордасы.

Негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- музейлік коллекцияларды зерттеу мен насихаттау, туындыларды ғылыми атрибуттау,

- музейдің қорытынды каталогымен жұмыс істеу,
- қоғамдық маңызы бар мәдени жобаларды ұйымдастыру,
- көрермендердің аудиториясын кеңейту жұмысы,
- жеке ғылыми тақырыптарды дайындау, оларды одан әрі жүзеге асыру,
- музей экспозициясының барлық бөлімдері бойынша жеке әдістемелік құралдар әзірлеу,
- халықаралық ынтымақтастықты нығайту,
- коллекцияларды насихаттау мақсатында уақытша тақырыптық жаңа көрмелер дайындау,
- музейді жаңғырту жұмыстарын жүзеге асыру,
- шығармашылық практикалық оқытуға арналған шаралар кешенің әзірлеу,
- БАҚ арқылы музейлік жобалар мен коллекцияларды ілгерілету,
- музейдегі қолжетімді ортаны қамтамасыз ету және т.б.

Музей жұмысы Қазақстан Республикасының мемлекетік мәдени саясатымен бір арнада тоғысқан. Осы жылы жүзеге асырылуы тиіс музей саласының тағы бір маңызды бағыты ретінде цифрландыруды, көркемдік ортанының белсенділігін арттыратын арт-ұсыныстарды, инклюзивті және мүмкіндігі шектеулі жандардың әлеуметтік жобаларын айтуға болады.

Біз жоспарлаған бірқатар көрмелер ұлттық мәдени кодымызды сақтай отырып, бірегей көркем коллекцияларды жоғары деңгейде таныстыруға мүмкіндік береді. Музейдің міндеті – Қазақстан өнерін жергілікті көрерменге ғана емес, шетелге деотандық көркем шығармашылығымызды кең көлемде насихаттау.

Сонымен, музей 2023 жылдың жобаларын жүзеге асыруда қызметтің мынадай бағыттарын басшылыққа алады:

- **Музейдің қор және реставрация жұмысы** музей коллекциясын сақтауға, олардың мәліметтерін енгізуге және сақтауға, заманауи кәсіби реставрациялық жұмыстарды жүргізуге және т.б. бағытталған.
- 2023 жылы музейдің **бірнеше тұрақты экспозициясы бөлімдерін жаңарту** жоспарланды:
 - 1930-1950 жж Қазақстанның көркемсурет өнері бөлімін жаңарту;
 - Шығыс залын қайта жаңарту – Қытай өнеріне арналған көрмені Жапон өнерінің көрмесі алмастырады.
- **2023 жылы музей халықаралық өзара әрекеттестік жұмыстарын жалғастырады.** Бұл мәдениет пен өнер саласындағы маңызды халықаралық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. 2023 жылы Ресей Федерациясымен, Корея Республикасы, ҚХР-мен және басқа да елдермен бірлескен көрме және ғылыми жобаларды ұйымдастырудағы ынтымақтастық белгіленген.
- 2023 жылы жоспарланған маңызды ірі көрме жобалары:

- Халықаралық ынтымақтастық: Санкт-Петербургтегі И.Репин атындағы Академияның бастамасымен Орыс мезгілдері тақырыбында көрмелер сериясы,
 - Қазіргі заман өнерінің көрмелері: Рашид Нурекеев (Целинный), Ғалым Маданов (Целинный), Нұрбол Нұрахмет (Aspan Gallery), Мәдени Альянс,
 - Мерейтойлық көрмелер: Жұмақын Қайрамбаев (70 жас), Михаил Ким (100 жыл), Амандос Ақанаев (75 жас)
 - ҚР Суретшілер одағының жылсайынғы республикалық есеп беру көрмесі.
- **Музейдің ғылыми жұмыстары** өз коллекциясын зерттеу мен ілгерілетуге бағытталған және бас каталогпен жұмыс жасауды, ғылыми мақалалар мен авторлық монографиялар дайындауды, диссертациялар қорғауды мақсат етеді. 2022 жылы музей қызметкерлерінің көпжылдық еңбегінің жемісі болып екі каталог пен альбом жарыққа шықты. 2023 жылы музей қорынан Жапония өнерінің каталогын шығару жоспарланып отыр және тұсаукесерінде музей қорынан туындылар көрмесі ұсынылады.
 - **Жыл сайын өтетін «Қастеев оқулары» ғылыми-практикалық конференциясында** әлемдегі қарқынды өзгерістер жағдайындағы мәдени мұраның дамуы, сақталу мен зерттелуі сынды өзекті мәселелер көтеріледі. Конференция музей ісінің мамандары мен өнер тарихшылары үшін пікірталас алаңы болып табылады. 2023 жылы конференцияның тақырыбы «Музейдің заманауи кезеңдегі атқарар міндеті» деп белгіленді. Конференция қорытындысы бойынша конференция материалдарының жинағын шығару жоспарлануда.
 - **Баспа жобаларымен** жұмыс жасау аясында Әбілхан Қастеев ат. ҚР МӨМ қорынан **Жапония өнерінің каталогын** дайындап, ұсынуды жоспарлап отыр.
 - **«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы** аясында жұмыс жалғасуда:
 - Қазақстанның мәдени мұрасы мен музей объектілерінің бірыңғай мемлекеттік тізімдемесіне деректерді беру және т. б.
 - ДЕ ААЖ деректер базасын толықтыру – деректерді есепке алудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (қор бөлімі және ғылыми қызметкерлер);
 - экспонаттарды цифрлау.
 - **Музейді және оның оқиғаларын ақпараттық ілгерілету жөніндегі** баспасөз қызметі музейдің барлық іс-шараларын БАҚ-та тұрақты түрде жариялап, ақпаратты мейлінше кең көлемде таратуды қамтамасыз ету, танымал блогерлерді тартады, музей сайтын үнемі жаңартып, толықтырып және әлеуметтік желілермен жұмыс істейді.
 - **Адами капитал сапасын жақсарту.** Музей қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру үшін магистратура мен докторантураға түсуге жағдай

жасау, БАФ (Біліктілікті арттыру факультеті) курстарынан өту. Әрбір қызметкердің жеке және кәсіби өсуі бойынша жұмыс істеу – бірінші кезектегі міндет, бұл үшін музей қолайлы жағдай жасауға тырысады.

- **Музейдегі білім беру қызметі.** Музей түрлі жастағы аудиторияға бейімделген білім беру жобалары мен музей педагогикасының бағдарламаларын белсенді жүргізеді. Олардың қатарында «Әсем Әлем» Академиясы аясында өтетін қазақ және орыс тілдерінде қазақстандық және әлемдік өнер тарихы бойынша дәрістер курсы, ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер мен пікірталас алаңдары, «Музей түні», отбасылық фестивальдар бар. Музей ай сайын жетекші заманауи қазақстандық суретшілермен шеберлік сабақтарын өткізуді қайта бастауға ниетті. Барлық іс-шараларды өткізу ағымдағы карантиндік жағдайға байланысты. Музей онлайн-форматта – презентациялар, дәрістер, виртуалды көрмелер дайындау жұмыстарын белсенді жүргізетінін атап өткен жөн.
- **Музейдің әлеуметтік жобалары.** Инклюзивті жұмыс. Халықтың барлық топтарының ерекше қажеттіліктері бар көрермендерді қоса алғанда, оларға музейге келуіне қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған «Қолжетімді музей» ауқымды қоғамдық-маңызды жобасын іске асыруды жалғастыру. Мүгедектерге арналған шығармашылық жобаларды іске асыруға жәрдемдесу. Музей экспозициясындағы тактильді экспонаттарды жаңарту мен кеңейту.
- **Туризмді дамыту перспективаларын** ескере отырып, біз музейдің туристік кластердегі өндіруші буын ретіндегі рөлін күшейтуге ұмтыламыз. Туризм - жоғары табысты индустрия. Бұл компонент елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады. Музей Қазақстан Республикасының бірегей көркем қазынасы болғандықтан турист тартатын негізгі фактор болып табылады. Музей әр түрлі жастағы аудиторияның, Қазақстан азаматтары мен шетелдік қонақтардың қызығушылығын қалыптастыру үшін жұмыстың инновациялық түрлерін енгізуге тырысады.
- 2023 жылғы маңызды көрмелердің қатарында қазақстандық заманауи шеберлердің жеке және ұжымдық көрмелері, республикалық және халықаралық форматтағы көрмелер де жоспарланған. Сондай-ақ, қазақстандық өнердің көрнекті өкілдерінің туған күніне орайластырылған бірқатар мерейтойлық көрмелер жоспарланған.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі бекіткен Әбілхан Қастеев ат. ҚР МӨМ үшін 2023 жылдың жалпы жоспарлы көрсеткіштері

- 100 000 адамнан кем емес келушілерді қамтамасыз ету.
- 50 – көрме өткізу.
- 500 – экскурсиялар мен дәрістер.
- 2 000 – Мемлекеттік каталогқа мәлімет ұсыну
- 500 – Мемлекеттік тізімдемеге мәлімет ұсыну

Ғылыми қызметкерлерге арналған жеке жұмыс жоспарының көрсеткіштері:

- 20 – ғылыми сипаттама жазу
- 20 – ААЖ-ға дерек енгізу
- 5 – лекция (жылына 1 жаңа)
- 5 – экскурсия

Төменде 2023 жылға арналған музей бөлімдерінің жұмыс жоспары МУЗЕЙДІҢ ҚОР ЖӘНЕ РЕСТАВРАЦИЯЛАУ ЖҰМЫСЫ

Музейдің қор жұмысының басты міндеті музей жинақтамасындағы Қазақстанның мәдени игілігін жинақтау, қалыптастыру және сақтау болғандықтан музейдің маңызды қызметінің бөлігі болып табылады. Музей қор жұмысына көркем туындыларды есепке алу, сақтау және реставрациялау кіреді.

2023 жылғы 1 қаңтардағы есеп бойынша Әбілхан Қастеев ат. ҚР МӨМ-нің қорында 25 909 экспонатов.

Қордың, сондай-ақ есепке алу және сақтау секторларының қызметіне: экспонаттарды тұрақты сақтауға қабылдау (сыйға тарту, ККД-дан, ҚСК-дан алу); музей жұмысының жалпы жоспары шеңберінде ҚСК өткізу; экспонаттарды уақытша сақтауға қабылдау; экспонаттарды көрмелерге беру (оның ішінде көшпелі көрмелерге де); экспонаттарды инвентарлық сипаттама жасауға беру; Қорларды цифрлау (суретке түсіру) кіреді. Сонымен қатар, бөлім қызметкерлері келесі жұмыс түрлерін жүйелі жүргізіп отырады:

- реставраторлардың профилактикалық байқауы, реставрация, туындылардың сақталу күйіне сипаттама жазу;
- музейішінде тиісті құжаттар, қозғалыс актілерін жасау;
- Мәдени құндылықтарды сақтау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес қорда жыл сайын түгендеу жүргізу;
- бөлімдер бойынша қорды тексеру: зергерлік бұйымдар (күміс), киіз, мүсін, тоқыма, ағаш, қыш;
- сипаттамаларды инвентарлық кітаптарға енгізу, туындыларды таңбалау;
- музей қорларының жұмыс картотекаларын ғылыми бөлімдер картотекаларымен салыстыру: Қазақстан кескіндемесі қоры, Қазақстанның тоқыма және сәндік-қолданбалы өнері қоры, ежелгі орыс өнері қоры, орыс және Батыс Еуропа кескіндемесі қоры;
- Музейдің жалпы каталогымен жұмыс: Қазақстан графикасы, заманауи сәндік-қолданбалы өнер, Батыс Еуропа гравюрасы және т.б.
- телевизиялық түсірілімдер;
- облыстық музейлердің, училищелердің, университеттердің (Әл Фараби атындағы ҚазМУ мен Т. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА) біліктілік және тәжірибе жинақтаушыларымен жұмыс;

- музейдің Реставрация кеңесін, ҚСҚ ұйымдастыру және өткізу.

Қор сақтау қызметкерлері музей құндылықтарының ҚР Мемлекеттік каталогы мен Мемлекеттік тізімдемесінің электрондық дерекқорына деректерді беру бойынша жұмыс жүргізеді (екі тілде) – жыл сайын 2000 сақтау бірлігі, сәйкесінше жыл ішінде 500 сақтам бірлік бойынша деректер қазақ және орыс тілдерінде беріледі.

Қор бөлімінің қызметкерлері ААЖ дерекқорын толықтыруға қатысуды жоспарлап отыр – жыл ішінде кемінде 120 карточка.

Жылдық жоспарға сәйкес музей залдарында өткізілетін көрме үшін қор туындыларын беру көзделуде.

Қорларды түгендеу (инвентаризациялау) – барлық сақтау қызметкерлерінің жыл сайынғы жұмыс нысаны. Жұмыс мәдени құндылықтарды сақтау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізіліп, музей коллекциясындағы жәдігерлердің бар-жоғын салыстырып тексеруге мүмкіндік береді. 2023 жылы комиссияның бақылауымен қорлардың бар-жоғын салыстырып тексеру жоспарлануда (тоқсанына 4 бөлім): Шығыс сәндік-қолданбалы өнері (Алькина), Күміс сәндік-қолданбалы өнері (Алькина), Тоқыма сәндік-қолданбалы өнері (Горовых), ағаш, керамика сәндік-қолданбалы өнері (Горовых).

Ғылыми қызметкерлермен бірлесіп инвентарлық сипаттамалар жасау мен сипаттамаларды тексеру бойынша әрбір ғылыми қызметкерге 20 туынды – жылына 200 туынды болып бекітілді.

Жыл бойына туындыларды суретке түсіру – қажетінше және ғылыми каталогтарын әзірлеу үшін: Қазақстанның түпнұсқа графикасы, Орыс баспа және түпнұсқа графикасы, кеңестік баспа графикасы, заманауи сәндік-қолданбалы өнер.

ӨНЕР ТУЫНДЫЛАРЫН РЕСТАВРАЦИЯЛАУ

Реставрация бөлімі – қор сақтау және есепке алу бөлімінің маңызды бөлімшесі саналады, осы бөлімше еңбегінің нәтижесінде біртуар өнер туындылары сақталып, қайта жаңартылады.

2023 жылы реставрациялаудан өтетін туындылар тізімінің жоспары:

- **Кескіндеме** – **35**: К. Смағұлова – 15 (оның 4-і күрделі), А.Токтагазина (жас маман) – 20 күрделі емес
- **Графика** – **65**: Г.Қалдыбаева – 25 (оның 2-і күрделі), Г. Қожамжарова – 35 (оның 2-і күрделі)
- **Металл, тері** – М.Касымбеков 20 реставрация, 200 тазалау мен өңдеу
- **Мүсін** – А. Оспанов 6 реставрация (1/2 ставка).
- **Жұмсақ заттар** – А.Момбекова 20 реставрация.

Реставрация бөлімі қызметкерлерінің атқаратын басқа да жұмыс түрлері:

- Туындыларды реставрацияға дейін, реставрация кезінде және реставрациядан кейін суретке түсіру.

- Кескіндеме туындыларын шаңнан тазартып, бүлінген тұсын қалпына келтіріп, жақтауларын жөндеп, сырлау.
- Уақытша көрмелерге шығарылатын және келіп түсетін туындылардың сақталу жағдайының сипаттамасын жазу.
- Көрмеге әкетілетін және әкелінетін туындыларды буып-түюге және олардың орауын ашуға қатысу (көрме жоспары бойынша).
- Реставрацияға келіп түскен туындыларды конверттеу.
- Тоқыма, киіз, кілем, жұмсақ заттар және т.б. қорлардағы жоспарлы дезинсекция.
- Арнаулы әдебиеттермен жұмыс, конференцияларға, көрмелерге қатысу – жыл бойына.

Тоқсан сайын қалпына келтіру кеңесінің жиналыстары өткізіледі, онда туындылар кезеңдері қадағаланып және қалпына келтіруді қажет ететін жұмыстар анықталады.

Бөлім қызметкерлері конференциялар мен семинарларға қатысады.

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ

Музей көркемдік ұйым ғана емес, ғылыми-зерттеу орталығы ретінде де жұмыс істейтіндіктен, ғылыми жұмыс музей қызметінің негізгі басым бағытының бірі болып табылады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының мақсаты - музей коллекциясын зерттеу және суретшілер мен олардың уақыты туралы деректі мәліметтерді жинау, атрибуция бойынша зерттеу жұмысын жүргізу, жинақталған деректерді қорыту. Теориялық зерттеулер ғылыми және көпшілікке танымал басылымдарда, конференциялардағы баяндамаларда жарияланады, сонымен қатар экскурсиялар, дәрістер мен әдістемелік әзірлемелер дайындауда қолданылады.

Музейдің ғылыми-зерттеу жұмысын өнер музейінің ғылыми қызметін жетілдіру, сонымен бірге Қазақстан мен шет елдердің ғылыми, шығармашылық және педагогикалық қоғаммен байланысын нығайтып, кеңейтуді басты мақсат еткен музейдің Ғылыми кеңесі басқарады. Ғылыми кеңес кешенді даму бағдарламасын әзірлейді, ғылыми қызметтің басты бағыттары мен проблемалары бойынша өзгерістер енгізеді, мақсатқа сай келетіндігі жайлы қорытынды жасап, баспадан шығаруға дайындалған ғылыми, ғылыми-анықтамалық және ғылыми-көпшілік сипаттағы жұмыстарды қарап шығады, т.б.

Музей қызметінің ғылыми-зерттеу жұмысының басты бағыты – **бас каталогтармен жұмыс**. Бұл жұмыс оның мәні мен рөлін анықтау және түрлі елдер мен дәуірлердің тарихи және көркемдік ахуалдарын талдау мақсатында коллекциядағы барлық бұйымдарды жан-жақты зерттеуге негіз болады. Бұл – түпкі мақсаты музей коллекциясын тақырыптар бойынша каталог етіп шығару болып табылатын музей жинақтамасы егжей-тегжейлі зерттелетін ұзақ жылдық процесс.

2023 жылы Ә.Қастеев атындағы ҚР МӨМ коллекциясынан жапон өнерінің тақырыптық бөлімінің каталогынбасып шығару жоспарлануда. Қазақстанның заманауи сәндік-қолданбалы өнері, Қазақстан мен кеңестік кезеңнің тұпнұсқа және баспа графикасы атты тақырыптық бөлімдерді дайындау бойынша жұмыс процесі жүргізілуде. Бұл бағыттағы жұмыстар бірнеше жылдан бері жасалып жатыр және музейдің перспективалық жоспарына енгізілген.

Қазақстандық өнердің көрнекті шеберлерінің шығармашылығын баяндайтын тақырыптық музейлік монографиялар бойынша жұмыс жүргізілуде. Бірінші монография 1970-90 жылдардағы Қазақстанның портреттік кескіндемесіне арналған (Ә.Жадайбаев). Ал «Қазақстан 1930-40 жылдардағы суретшілер шығармаларында» (Г.Сырлыбаева) атты авторлық монографиялар жұмыс үстінде.

Музей қорларындағы **көркем туындылардың атрибуциясы** музейдің ғылыми қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Күзде жыл сайынғы дәстүрлі **«Қастеев оқулары» ғылыми-тәжірибелік конференциясы** өтеді. 2023 жылы конференцияның тақырыбы «Музейдің заманауи кезеңдегі атқарар міндеті» болып бекітілді, онда музейдің мәдени мұраны сақтау мен зерттеудегі негізгі бағыттарын ашу, Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан өнерінің негізгі жетістіктерін талдау мәселелері кеңінен қаралу көзделіп отыр. Аталған тақырып ғылыми-практикалық семинар шеңберінде толыққанды кәсіби диалогты жүзеге асыруға мүмкіндік береді, оған қатысуға халықаралық сарапшылар, музей саласының мамандары шақырылатын болады. Конференция 2023 жылғы қазан айына жоспарланған.

Музейдің ғылыми қызметкерлері жұмысының маңызды бөлігі – келушілерге әлемдік көркем мәдениетті дәріптеу және музей коллекциясын ілгерілету құралы ретінде лекция дайындау мен оқу. Музей көрермендеріне «Әсем Әлем өнер академиясы» – әлемдік және қазақстандық өнер тарихы туралы дәріс өте қызық әрі әсерлі болды. Музей ежелгі дәуірден қазіргі уақытқа дейінгі кезеңді қамтитын әлемдік және отандық мәдениет бойынша дәрістер курсына әлемдік ірі музейлердің тарихы мен коллекциялары туралы баяндайтын жаңа блокпен толықтырды. Сондай-ақ, осыған дейін музей мамандары балаларға арнап әзірлеген «Әсем әлем жастар» атты дәрістер циклын кеңейтуді қолға алды.

Жыл сайын музей қызметкерлері үшін олардың кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында ғылыми семинарлар ұйымдастырады және өткізеді. 2023 жылы музей жас мамандарға арналған көркем шығармаларды талдау бойынша оқыту семинарын ұсынады (жыл бойына). Сондай-ақ көркемдік-әдістемелік кеңес аясында тұрақты түрде экскурсия мен дәрісті қалай жүргізуді үйретеді.

Әрбір ғылыми қызметкер **жеке ғылыми тақырыбын** анықтайтын музей коллекциясы бөліміндегі белгілі бір материалға ыңғайланып маманданады. Ғылыми тақырып бойынша материалды зерттеп, жинау, өнер бұйымдарын атрибуттау, зерттеулердің нәтижелерін мақалалар мен конференция

баяндамаларының мәтінінде, сонымен бірге дәрістерде, экскурсиялар мен әдістемелік талдамаларда және т.б. пайдалану ғылыми қызметтің практикалық тәсіліне жатады.

Музейдің әрбір ғылыми қызметкеріне **жылына кем дегенде 20 ғылыми сипаттама** жазу жоспарға қойылған.

Ғылыми қызметкерлер туындылар жайлы мәліметтерді электрондық форматтың мәліметтер базасына біртіндеп аудару үшін музей арнайы жасаған ААЖ (Автоматтандырылған ақпараттық жүйе) электрондық сандық жүйеге енгізіп жатыр. Әрбір ғылыми қызметкер 20 карточка енгізуі тиіс.

ҚАЗАҚСТАН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ҒЫЛЫМИ БӨЛІМІ

Бұл бөлімде Қазақстанның кәсіби суретшілерінің кескіндеме, түпнұсқа және баспа графика, театр-декорация өнері және мүсіндік туындылары бойынша 12 мыңнан астам сақтау бірлігі бар. Музейдегі ең ірі ғылыми бөлімдердің бірі.

Бөлімнің негізгі ғылыми тақырыбы «Қазақстан бейнелеу өнері: тарихы және қазіргі заман». Мақсаты - Қазақстан суретшілерінің шығармашылығын зерттеу, жеке және ортақ стильдік ерекшеліктерін, Қазақстандағы бейнелеу өнері кәсіби мектебінің түрлі даму кезеңдеріндегі тарихи сатылардың көркемдік ерекшелігін айқындау.

Бөлімнің кадрлық құрамы:

Жадайбаев Әмір Жалынұлы – бөлім меңгерушісі

Мұқажанова Күлжазира Жұмаділқызы – аға ғылыми қызметкер

Мырзабекова Сандуғаш Көпболсынқызы – графика және мүсін секторының жетекшісі

Мамытова Самал Мұхтарқызы – кескіндеме және театр-декорация өнері секторының жетекшісі (0,5 жүктеме);

Әбілдаева Лаура Орақбайқызы – ғылыми қызметкер

Айдарова Марьяна – кіші ғылыми қызметкер (0,5 жүктеме)

Шарипова Диляра Сафарғалиқызы – аға ғылыми қызметкер (0,25 жүктеме)

Ким Елизавета Михайловна – аға ғылыми қызметкер (0,25 жүктеме)

Нұразхан Еркін Ибрагимұлы – Ә.Қастеев музей-үйі

Жеке ғылыми тақырыптары

Ә.Ж. Жадайбаев

а) 1970-80 жылдардағы Қазақстанның бейнелеу өнері.

б) Қазақстанның бейнелеу өнерін зерттеу әдістемелік аспектілері.

К.Ж. Мұқажанова

Қазақстандық өнертану мектебі: қалыптасу тарихы мен дамуы

С.М.Мамытова

1960-1980 жылдарғы Қазақстан кітап графикасындағы ұлттық идеяның онтологиялық негіздері.

С.К.Мырзабекова

XX ғ. II жартысындағы Қазақстан кескіндеме өнерінің дамуындағы көркемдік ерекшеліктер. Кескіндеме, графика, мүсін.

Тақырыпша: «1970 жылдарғы К. Дүйсембаев, А. Ақанаев шығармашылықтарының даму жолдары».

Л.О. Әбілдаева

Тәуелсіздік жылдардағы Қазақстан бейнелеу өнері

Тақырып: Қазақстан суретшілерінің туындыларындағы көркемдік даму ерекшеліктері мен өзгерістер.

М.Айдарова

Қазақстанның сандық өнері: проблемалар мен даму перспективалары.

Бөлімнің негізгі жұмысы – музей коллекциясының ең көп бөлігі болатын Қазақстанның бейнелеу өнері қоры бойынша ғылыми каталог дайындау. **Қазақстанның түпнұсқа графикасы каталогымен** жұмыс жүргізілуде. Бөлім қызметкерлерінің барлығы экспонаттарды салыстырып тексеруге, қосымша мәліметтерді, түсірілген суреттердегі жазуларды компьютерге енгізуге, каталогтық мәліметтерді редакциялауға жұмылдырылды.

Экспонатты ғылыми өңдеу жұмысы **ғылыми сипаттаманы** дайындап, деректерді картотекаға енгізуді қажет етеді. Жоспар бойынша әрбір ғылыми қызметкер 20 ғылыми сипаттама жазуы тиіс (экспонаттардың инвентарлық сипаттамасы; жаңа карточкалар жасау; қосымша мәліметтерді енгізу) – бөлім бойынша 100 сипаттама.

Музейдегі маңызды жұмыстың бірі музей қызметінің тәжірибесіне қағаз карточкаларды біртіндеп электронды сандық нұсқаға ауыстыруға негізделген ААЖ автоматтандырылған ақпараттық жүйені енгізу болып табылады. Бөлім жоспары бойынша кемінде **80 карточканы электрондық форматқа аудару** көзделуде (әр қызметкер 20 дана карточканы электронды форматқа ауыстырады, бөлім меңгеруші барлық карточканы редакциялап, өңдейді).

Бөлім мамандары **ғылыми мақалалар жазады**. Көлемі бойынша толымды, мазмұны кеңейтілген ғылыми зерттеулер «Музей еңбектеріне», ал жеке ғылыми тақырыптары «Қастеев оқулары» конференциясына баяндама тезисі ретінде дайындалады.

№	Жарияланым тақырыбы	Дереккөз
1.	К.Ж.Мұкажанова 2024 жылы Әбілхан Қастеевтің мерейтойлық альбомына мақала	«Алтын кітап» мерейтойлық басылымы
2.	С.М.Мамытова Әлемдік көрініс: Қазақстанның кітап графикасындағы адам мен әлемнің арақатынасы	ВАК журналы
3.	Ә.Ж.Жадайбаев	

	А) 1980 жж Қазақстан суретшілерінің шығармашылық әдістерінің ерекшеліктері Б) 1970-80 жж Қазақстанның портреттік кескіндемесі. В) Даладағы кемпірқосақ, В. Эйферт өмірі мен шығармашылығы	Қастеев оқулары-2023 Монография басылымы
4.	С. К.Мырзабекова Қазақстан кескіндемесінің XX ғасырдың II жартысындағы тарихи тұлғалардың бейнелік шешімі.	Мақала
5.	Л.О.Әбілдаева Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан мүсіншілерінің шығармашылығы	Мақала
6.	М. Айдарова Development of digital painting in Kazakhstan	Мақала, 17 б.

Ғылыми жұмыстың маңызды нысаны конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, ғылыми талқылауларға қатысу болып табылады. Бөлім қызметкерлері биылғы «Қастеев оқулары» конференциясына дайындайтын ғылыми баяндамаларының тақырыптарын айқындады.

№	Баяндама атауы, сөз сөйлеу	Конференция атауы
1.	К.Ж.Мұқажанова	«Қастеев оқулары -2023» ғылыми-тәжірибелік конференциясы
2.	С.М.Мамытова Қазақстанның кітап графикасы құрылымындағы қазақ мәдениетінің таңбалары мен символдары	«Қастеев оқулары -2023» ғылыми-тәжірибелік конференциясы
3.	С. К.Мырзабекова Қазақстанның заманауи суретшілері Қ.Омархан, Қ. Аршын т.б. кескіндемелеріндегі тарихи тұлғалардың бейнелік шешімі	«Қастеев оқулары -2023» ғылыми-тәжірибелік конференциясы
4.	Ә.Ж.Жадайбаев 1980 жж Қазақстан суретшілерінің шығармашылық әдістерінің ерекшеліктері	«Қастеев оқулары -2023» ғылыми-тәжірибелік конференциясы
3.	Л.О.Әбілдаева Музей ісіндегі интеграцияланған музейлер жүйесі	«Қастеев оқулары -2023» ғылыми-тәжірибелік конференциясы
5.	М.Айдарова Қазақстан графикасындағы батырлар бейнесі (Е. Сидоркин, М. Кисамединов, И. Исабаев)	«Қастеев оқулары -2023» ғылыми-тәжірибелік конференциясы

Тәжірибелі мамандар экспозицияның әртүрлі бөлімдері бойынша әдістемелік құралдар әзірлейді, тұрақты мұражай экспозициясының бөлімдері бойынша анықтамалық экскурсиялар өткізеді.

Бөлім қызметкерлерімен музейдің тұрақты экспозициясы бойынша жаңа экскурсиялық тақырыптар жоспарланды:

1. Мамытова С. Батыс Еуропа өнері (қаз.)

2. Мырзабекова С. Музей бойынша шолу экскурсия (қаз.)
3. Әбілдаева Л.О. Орыс өнері залы (қаз.)
4. Айдарова М. Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнері (орыс т.)
5. Айдарова М. Қазақстанның көркемсурет өнері (орыс т.)

Музей қызметкерлері қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде музейдің экспозициялары бойынша экскурсиялар өткізуге қатысады, әр қызметкер жылына 5 экскурсия өткізуге тиіс. Бөлім бойынша барлығы 25 экскурсия өткізу жоспарланып отыр.

Ғылыми зерттеуден басқа, бөлім қызметкерлері музейдің ғылыми-әдістемелік жұмысына, соның ішінде **экскурсия жүргізу мен дәріс оқуға**, сондай-ақ жаңа тақырыптар дайындауға қатысады. Әрбір қызметкер әлемдік және қазақстандық өнер бойынша дәрістердің тақырыптық қатарын әзірледі, ол кеңейтіліп, толықтырылып отырады.

№	Дәріс тақырыбы	Дәріс оқу тілі	Көлемі	Уақыты
1.	К.Ж.Мұқажанова 1.«Франция өнеріндегі классицизм. Н. Пуссиннің шығармашылығы» 2. «XVIII ғ. Франция өнері» 3. «XIX ғ. I жартысындағы романтизм. Франция өнері» 4. «19 ғ. екінші жартысындағы орыс өнері»	Орыс тілі	1,5 с.	КАӨ-на тапсырыс бойынша
2.	С.М.Мамытова 1. Ә.Қастеев шығармашылығы 2. Натюрморт 3. Графика 4. Солтүстік Қайта өрлеу өнері	Қазақ тілі	1 с. 1,5 с.	КАӨ-на тапсырыс бойынша мамыр
3.	С.К.Мырзабекова 1. Ә.Қастеев шығармашылығы 2. Бейнелеу өнері түрлері мен жанрлары. Кескіндеме 3.Жоғары Қайта өрлеу алыптары. Л. да Винчи, М. Буонарроти, Р. Санти 4. Ватикан музейлері	Қазақ тілі	1 с. 1,5 с.	КАӨ-на тапсырыс бойынша 14 қаңтар
4.	Ә.Ж.Жадайбаев 1.«Қазақстандық даму». 2.Қазақстан портреттік кескіндемесі 3. XVII ғ испан кескіндемесінің алтын ғасыры. 4.Орыс кезбе ақдемизмі мен кескіндемесі 5. Казимир Малевич «Қара текше».	Орыс тілі	1,5 с. 1,5 с.	КАӨ-на тапсырыс бойынша
5.	Л.О.Әбілдаева 1. Ә. Қастеев шығармашылығы 2. Қазақстан бейнелеу өнері Мүсін-көркемөнердің бір түрі	Қазақ тілі	1,5 с.	КАӨ-на тапсырыс бойынша
7.	М.Айдарова		1,5 с.	Шілде

ҚР сандық өнері: проблемалар мен даму перспективалары.	Орыс тілі	1 сағат.	
			Барлығы 20

Музей қызметкерлері қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде музейдің экспозициясының әртүрлі бөлімдері бойынша дәрістер оқуға және экскурсиялар өткізуге қатысады, әр қызметкер жылына кемінде 5 экскурсия және 2 дәріс өткізуге тиіс. Бөлім бойынша барлығы 37 экскурсия өткізу жоспарланып отыр. Жұмыстың нәтижесі БАҚ беттерінде мақала, сұхбат түрінде жарияланады.

Бөлім қызметкерлері әдістемелік және өзге де кеңестерде жұмыс жүргізеді:

- Көркемдік-әдістемелік кеңес – бөлімдегі барлық қызметкерлер
- Сарапшылық кеңес – Мұқажанова, Мамытова
- Суретшілер одағы, хатшы – Мұқажанова
- ЮНЕСКО жанындағы Халықаралық көркемдік сыншылар ассоциациясы АІСА-Қазақстан – Мұқажанова
- ҚР Тұңғыш президенті қорының Шығармашыл жастар кеңесі – Мамытова

Бөлім экспозиция мен қор сақтау бөлімдерімен бірлесе концепция құрады және музейдің тұрақты экспозициясын толықтыруды қарастырады. 2023 жылы 1930-1950 жж Қазақстан өнері бөлімін қайта жаңарту жұмысы жоспарланған. Сонымен бірге экспозициядағы аннотация мен этикетаждар үнемі жаңартылып отырады.

Уақытша көрмелерді ұйымдастыру және өткізу кезінде бөлім қызметкерлері экспозицияны дайындау мен өткізудің барлық кезеңдеріне белсене қатысып, жетекшілік етеді. Үстіміздегі жылы аталған бөлім уақытша көрмелерге **7 кураторлық жоба жоспарлап отыр:**

№	Жұмыс түрі (әзірлеу, ұйымдастыру), куратор және т. б.)	Экспозиция атауы	Экспозиция түрі	Өтетін орны	Уақыты
1.	Мұқажанова К.Ж. Жетекші	Валерий Приходько көрмесі (Павлодар)	Уақытша	Айналма галереясы	Маусым
2.	Жадайбаев Ә.Ж. Жетекші	1. Ж. Кайрамбаев пен оқушыларының көрмесі 2. Г. Маданов көрмесі	Уақытша Уақытша	Айналма галереясы Периодика залы	Сәуір Қыркүйек
3.	Мамытова С.М. Жетекші	1. Манғыстау суретшілерінің көрмесі 2. Нұрбол Нұрахмет көрмесі	Уақытша Уақытша	Айналма галереясы Периодика залы	Тамыз Қараша
4.	Мырзабекова С.	«Қазақстан халқына	Уақытша	Акварель	Қаңтар

	Жетекші	махаббатпен – әлем акварельмен». Е.Панина, Д. Шайхислямова Тараз СО мүшелері көрмесі		залы	
5.	Әбілдаева Л.О. Жетекші	Алчембаев Сәулетай. Мерейтойлық көрме 80 жас. Мүсін Шамаханов Рустам Курбанович . Мүсін	Уақытша Уақытша	Акварель залы Акварель залы	Сәуір Қыркүйек

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІ ҒЫЛЫМИ БӨЛІМІ

Бөлімнің ортақ тақырыбы – Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің коллекциясы мысалында қазақ халқының қолданбалы өнерінің көркемдік дәстүрлеріндегі этно-стильдің іргелі принциптері, қазақ қолданбалы өнері туындыларының көркемдік-стильдік ерекшеліктерін, түрлі материалдарды өңдеудің бірегей техникаларын зерттеуге, түрлер мен аймақтық айырмашылықтарды анықтауға бағытталған. Бөлімге 4 796 сақтау бірлігінен құралған қор бекітілген, олар: зергерлік өнер, тері мен ағаштан жасалған бұйымдар, дәстүрлі кесте, киіз және тоқыма кілемдер, ат әбзелдері.

Бөлімнің кадрлық құрамында 4 қызметкер бар:

Баженова Наталья Александровна – орталық жетекшісі

Ажарова Нұржамал Бекбосынқызы – аға ғылыми қызметкер, 0,5 жүктеме

Әли Ғалия – кіші ғылыми қызметкер

Нүсіп Ақжігіт – кіші ғылыми қызметкер

Бөлімнің жоспарына келесі жұмыстар мен көрсеткіштер енгізілді:

1. Экспонаттарды ғылыми өңдеу – 20 сипаттама/қызметкер, бөлім бойынша жылына – 60
2. ААЖ деректер енгізу – 20 сипаттама/қызметкер, бөлім бойынша жылына – 60
3. Каталогпен жұмыс. Ағымдағы мерзімде жұмыстың 90% орындалды, жыл соңына дейін каталогты баспаға дайындау жұмысын аяқтау жоспарланды
4. Ғылыми жарияланым – 3
5. Экскурсия өткізу – 5 /қызметкер, бөлім бойынша – 20
6. Дәріс оқу – 5: Баженова – 3, Нүсіп – 2.
7. 6 көрмеге жетекшілік.

Жеке ғылыми тақырыптар:

Баженова Н.А.

Қазақ халқының тоқыма өнері.

Тақырыпша: «Қазақ халқының тоқыма өнері дәстүрін жаңғырту мен сақтау мәселелері»

Ажарова Н.Б.

Қазақ дәстүрлі кестесі. «Дәстүрлі тігін бұйымдарының

ою-өрнекті және түстер ерекшеліктері».

Әли Ғ.

Қазақ халқының киіз басу өнеріндегі ою-өрнектің композициялық құрылымы мен ерекшелігі. (Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ коллекциясы негізінде)

Нүсіп А.

«Қазақ халқының қолданбалы өнеріндегі темір, тері мен сүйекті көркемдік ұқсату». Тақырыпша: «Ат әбзелдері». Қазақ ер-тұрманы құрылымының өрнекті-қолданбалы ерекшелігі мен өңірлік айырмашылығы.

Бөлімнің негізгі жұмысы – музей қорларының ғылыми каталогын дайындау. 2023 жылы аяқталуы жоспарланған **Қазақстанның заманауи сәндік-қолданбалы өнері каталогымен** жұмыс жүргізілуде, бұған бөлім қызметкерлері түгелімен жұмылдырылды.

Келесі жұмыс түрлері анықталды: компьютердегі терілім, каталог құрылымын қайта қарау, суретшілердің библиографиялық мәліметтеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, жаңа түсімдерді тіркеу, бөлімдерге алғысөз бен түсініктемелерді қайта қарау, салыстыру мен өңдеу.

Музейдің сараптама комиссиясының құрамында Н. Баженова бар, ол Сараптама кеңесі аясында сараптамалық қорытындылар дайындауға және салыстырмалы атрибуция процесіне қатысады.

Бөлім қызметкерлері келесі ғылыми басылымдарды әзірлеуде

№	Мақала атауы	Басылым түрі	Қайда басылып шығады
1	Н.А.Баженова: «Қазақ халқының тоқыма өнері дәстүрін жаңғырту мен сақтау мәселелері».	Жинақ	«Қастеев оқулары – 2023» ғылыми-тәжірибелік конференциясы жинағы Ә.Қастеев атындағы ҚР МӨМ
2	А.Ж.Нүсіп: «Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорынан «Қазақ ат жабдықтарындағы тері өңдеу типологиясы».	Жинақ	«Қастеев оқулары – 2023» ғылыми-тәжірибелік конференциясы жинағы Ә.Қастеев атындағы ҚР МӨМ
3	Н.А.Баженова: «С.Н. Рерих пен Л.В. Шапошникованың Кулу алқабы туралы».	Жинақ	«Гималай мәдени мұрасы мен Рерихтер шығармалары: Болашақ үшін мәні» Халықаралық конференциясының материалдары. Шимла музейі, Үндістан.

Қызметкерлер экскурсия жүргізумен бірге дәрістер оқиды, 2023 жылға экскурсиялардың жаңа тақырыптарын дайындап, тапсыру жоспарланды.

Н.Баженова маусым айында орыс тілінде Орыс өнерінің тұрақты экспозициясы бойынша экскурсия жүргізуді жоспарлап отыр. А.Нүсіп сәуір айында Қазақстан бейнелеу өнері бойынша қазақ тілінде тапсыруды дайындау үстінде. Әрбір қызметкер жылына кем дегенде 5 экскурсия өткізуге міндеттеме алса, бөлім бойынша 20 экскурсия ұсынылды.

Бөлім жетекшісі Наталья Баженова көру, тірек-қимыл аппараты, есту жағынан және менталдық ауытқуларға ұшыраған түрлі ерекшеліктермен шектелген мүгедек-келушілер тобымен жұмыс істейді. Мүгедектермен жұмыс «Барлығына қолжетімді музей» атты әлеуметтік бағдарлама аясында жүзеге асырылады.

Бөлім қызметкерлері тақырыптық дәрістер әзірледі:

№	Дәріс тақырыбы	Дәріс мақсаты (қайда, қандай аудиторияға)	Дәріс тілі	Көлемі (акад. сағат)
1	Н.А.Баженова АӨШ дәрістер циклі: «Әлем музейлері» «Рига қ.Н.К. Рерих атындағы Қоғамдық музей»	Көпшілік аудиториясы	Орыс тілі	1,5 сағат
2	Н.А.Баженова АӨШ дәрістер циклі: «Әлем музейлері» «Нью-Йорк қ.Н.К. Рерих музейі»	Көпшілік аудиториясына	Орыс тілі	1,5 сағат
3	А.Ж. Нүсіп «Қазақ қол өнеріндегі ат жабдықтары»	Әдістемелік кеңеске тапсыруға Көпшілік аудиториясына	Қазақ тілі	1,5 сағат
4	Н.А.Баженова АӨШ дәрістер циклі: «Әлем музейлері» «Ресей музейлеріндегі Рерихтер коллекциясы».	Көпшілік аудиториясына	Орыс тілі	1,5 сағат
5	Н.А.Баженова АӨШ дәрістер циклі: «Әлем музейлері» «Рига қ.Н.К. Рерих атындағы Қоғамдық музей»	Көпшілік аудиториясына	Орыс тілі	1,5 сағат
6	Баженова Н.А. АӨШ дәрістер циклі: «Әлем музейлері» «Нью-Йорк қ.Н.К. Рерих музейі»	Көпшілік аудиториясына	Орыс тілі	1,5 сағат

Бөлім қызметкерлері (Баженова, Ажарова, Әли – хатшы) музейдің сарапшылық, әдістемелік, реставрациялық және қор сатып алу комиссиясы құрамына кіреді. Сонымен бірге Алматы қаласы ЖОО көркемөнер

мамандықтары түлектерінің дипломдық жобаларына рецензент ретінде қатысады, практиканттармен әдістемелік сабақтар, шеберлік сабақтары мен консультациялар өткізеді, музей кеңесіне қатысады.

Музейдегі уақытша көрмелерге де жетекшілік етеді, 2023 жылы Қазақстан сәндік-қолданбалы өнер бөлімі уақытша көрмелерді өткізу барысын телебағдарламаларға қатысым мен сұхбат беру арқылы дәріптейді. Бөлім музейде өтетін **6 уақытша көрмеге** жетекшілік етуді жоспарлап отыр.

№	Жұмыс түрі (әзірлеме, ұйымд., жетекші т.б)	Экспозиция атауы	Экспозиция түрі	Орыны	Уақыты
1.	Н.А.Баженова Жетекші	«Жібек жолы» бағдарламасына 35 жыл толуына орай	Уақытша	Шығыс залы	маусым
2.	Н.А.Баженова Жетекші	Гүлмарал Тәттібаеваның жеке көрмесі.	Уақытша	Периодика залы	Мамыр - маусым
3.	А.Нүсіп Жетекші	Сержан Башировтың көрмесі	Уақытша	Айналма галереясы	15 мамыр - 12 маусым
4.	Н.Б. Ажарова Жетекші	"Шағылу" атты Зауре Смағұлованың жеке көрмесі. Гобелендер	Уақытша	Акварель залы	19 мая – 16 июня
5.	А.Нүсіп Жетекші	Персональная выставка Гульфариды Джанияровой	Уақытша	Акварель залы	25 тамыз – 25 қыркүйек
6.	Н.А.Баженова Жетекші	Құттыбек Жакуповтың «Көшпенді аңыздары» жеке көрмесі	Уақытша	Периодика залы	15 желтоқсан- 15 қаңтар

ШЕТ ЕЛ ӨНЕРІ ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫ

Музей коллекциясында XVI ғасырдан бүгінгі күнге дейінгі шетелдік өнер туындылары бар. Жинақтама Ресей, Батыс Еуропа, Шығыс, Америка мен Африканың түрлі елдерінің өнерін ұсынады. Жинақтаманың бұл бөлімінде музейдің құрылған сәтінен бастап жиналған және Орталық Азиядағы үздік өнер коллекцияларының бірі саналатын экспонаттар бар. Бөлімге 7 500-ге жуық сақтау бірлігінен құралған коллекция қоры бекітілген. Бұл бөлім жетекшілік ететін музейдің тұрақты экспозициясына келесі бөлімдер кіреді: батысеуропалық өнер, орыс өнері, Шығыс өнері, XX ғасырдағы шетелдік өнер.

Бөлімнің кадрлық құрамы 3 адамнан тұрады:

Г.Н. Сырлыбаева – бөлім жетекшісі

В. Вологодская – ғылыми қызметкер

Айдарбек Айгерім – кіші ғылыми қызметкер

Жеке ғылыми тақырыптары

- Г.Н. Сырлыбаева** • 1920-1930 жж Қазақстан суретшілер туындыларында.
• Ә.Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорынан Орыс өнері. Зерттеу және атрибуттау.
- М.М.Копелиович** Батыс Еуропа, Қытай, Жапония, Үндістан өнері: каталогтау, зерттеу, коллекцияларды ғылыми өңдеу
- В.А. Вологодская** Ә.Қастеев атындағы ҚР МӨМ коллекциясындағы батысеуропалық өнер туындыларының жанрлық әр түрлілігі. Зерттеу және атрибуттау.
- А. Хайдарова** ҚР МӨМ шетелдік өнер бөлімінің коллекциясы

Экспонатты ғылыми өңдеу жұмысына **ғылыми сипаттама** жазу мен картотекаға мәліметтерді енгізу үшін дайындау жатады. Жоспарға сәйкес қызметкерге жүктелген ғылыми сипаттау – **20** (экспонаттың инвентарлық сипаттамасы, жаңа карточкалар ашу, қосымша мәлімет енгізу), бөлім үшін – **80** сипаттама.

Музейдегі маңызды жұмыстың бірі – музей қызметі тәжірибесіне қағаз карточкаларды біртіндеп электронды сандық нұсқаға ауыстыруға негізделген ААЖ автоматты-ақпараттық жүйені енгізу болып табылады. Жоспар бойынша бөлім **40** дана карточканы электрондық форматқа ауыстыруы қажет (20 – Вологодская, Хайдарова; бөлім жетекшісі өңдеуді жүзеге асырады).

Бөлімнің қызметкерлері **ғылыми каталогтың тақырыптық бөлімдерімен** жұмыстарды жалғастыруда:

Г.Н.Сырлыбаева

- XVII-XVIII ғғ Орыс өнерінің каталогы. Кескіндеме, графика, мүсін – Г.Н.Сырлыбаева (каталогпен жұмысты аяқтау)
- Заманауи шетелдік баспа графикасы (1383 сақт.бірл.) – В.А. Вологодская
- XVIII-XX ғғ Жапония өнері. Сәндік-қолданбалы өнер, графика – М.М. Копелиович (8 бөлімнің мақалалары мен аннотациясын өңдеу, фотосуреттерді салыстыру, баспаға дайындау)
- XVIII-XX ғғ Үндістан өнері. Сәндік-қолданбалы өнер, графика – М.М. Копелович (11 бөлімнің мақалалары мен аннотациясын алғашқы өңдеу, фотосуреттерді салыстыру)
- XVI-XIX ғғ Италия өнері – М.М. Копелиович (туындылардың түрлері бойынша тізімі, фотосуреттер тізбесі)

Каталогпен жұмыс барысында туындыларды атрибуттау нәтижесінде анықталған мәліметтермен толықтыру, авторлар туралы жаңа ақпараттарды енгізу мен өңдеу, жарыққа шыққан әр баспадағы экспонаттар туралы

толықтырулар енгізу, салыстыру мен аударма, бір үлгіде мәліметтерді толтыру жүргізіледі.

Көркем туындыларды ғылыми атрибуттау ісі бөлім қызметкерлерінің көркем туындылардың мерзімін анықтау, кезеңдеу мен атауын анықтау секілді маңызды жұмыстарының бірі.

Конференцияларда **баяндама оқып, сөз сөйлеу мен ғылыми мақалаларды жариялау** дайындықтары жүргізілуде. Жылсайынғы «Қастеев оқулары - 2023» ғылыми-тәжірибелік конференциясына келесі тақырыптар ұсынылды:

- Г.Н. Сырлыбаева. В.Борисов-Мусатовтың ізашарлары мен ізбасарлары. Саратов мектебі. Ә.Қастеев ат. ҚР МӨМ қорынан. «Қастеев оқулары - 2023» ғылыми-тәжірибелік конференциясына баяндама
- Г.Н. Сырлыбаева. Ә.Қастеев ат. ҚР МӨМ коллекциясындағы Өзбекстан мәдени мұрасы. Монография. Ташкент, Өзбекстан.
- М.М. Копелиович. Цакли - тибеттік тханки түрі ретінде. ҚР МӨМ коллекциясынан. «Қастеев оқулары - 2023» ғылыми-тәжірибелік конференциясына баяндама
- В.А. Вологодская. Ә.Қастеев ат. ҚР МӨМ қорынан «Ауыл саудасы» атты туындысы – суретші Адриан ван Остаденің ХҮІІ ғ голландық кескіндемесінің тұрмыстық жанр үлгісі
- Хайдарова А. Атрибуттау мәселелері: А.Д. Габбиани «Аполлон мен музалар», Батыс Еуропа, Италия.

Музей конференциясынан тыс өзге де мекемелердің ғылыми шараларына қатысу жоспарланды. Г.Н. Сырлыбаева Өзбекстан мәдени мұрасын сақтау мен насихаттау жөніндегі дүниежүзілік қоғамының «Әлем музейлеріндегі Өзбекстан мәдени мұралары» Халықаралық жобасы аясында монография мәтінімен жұмыс үстінде (60 бет, 200 сурет.). Музей туындыларының халықаралық көрме жобаларына қатысымы жөнінде келіссөздер жүргізілуде:

1. «Добычинаның таңдауы», Орыс импрессионизмі мектебі, Мәскеу, 2023
2. Алексея Моргунов көрмесі, Третьяков галереясы, Мәскеу, 2023.

Экскурсиялар мен дәрістерді дайындап, өткізу бөлім қызметкерлері жұмысының бір түрі болып табылады. 2023 жылдың жоспарына жаңа тақырыптағы экскурсиялық және дәрістерді дайындап, тапсыру енгізілді. В. Вологодская музейдің тұрақты экспозициясы бөліміне «ХХ ғ шетелдік өнер» (қараша), А. Хайдарова орыс өнері залы бойынша экскурсия (маусым) тапсыруды жоспарлады. Әр қызметкерге жылына кемінде жеке 5 экскурсия өткізу жүктелді (бөлімнен кемінде 15 экскурсия).

2023 жылы В.Вологодская ұсынған дәріс тақырыптары: ХҮІІ-ХХ ғ басы орыс өнері, ХҮІ-ХІХ ғғ батысеуропалық өнер, Қытай мен Жапонияның сәндік-қолданбалы өнері.

Бөлім қызметкерлері сарапшылық, көркемдік-әдістемелік, реставрациялық

және қор сатып алу комиссиясын қамтитын **музей кеңесі** құрамына кіреді.

Бөлімнің музейдегі көрме-экспозициялық жұмысы. 2023 жыл жоспарына музей қорынан заманауи шетелдік өнер тақырыбындағы тұрақты экспозициясы бөлімін кең көлемде жаңарту жұмыстары енгізілді. Бөлім қызметкерлері тұрақты экспозициямен жұмыстан бөлек уақытша көрмелерге де жетекшілік етеді.

№	Жұмыс түрі (әзірлеме, ұйымд. жетекш. т.б)	Экспозиция атауы	Экспозиц ия түрі	Орыны	Уақыты
1.	Г.Н.Сырлыбаева Жетекші	Алпысыншылар. Ресей Федерациясы өнері. Кескіндеме. Графика. Мүсін.	Уақытша	3 қабат	Ақпан - сәуір
2.	Г.Н.Сырлыбаева Жетекші	Заманауи шет ел өнері. Экспозиция жаңарту	Тұрақты	3 қабат	
3.	Г.Н.Сырлыбаева Жетекші	М. Кагаров	Уақытша	Айналма галереясы	26.09-24.10
4.	М.М. Копелиович Жетекші	Хосе Кано көрмесі. Испания	Уақытша	Айналма галереясы	8 ақпан
5.	М.М. Копелиович Жетекші	Жапония өнері	Уақытша	Шығыс залы	мамыр
6.	М.М. Копелиович Жетекші	Үндістан өнері	Уақытша	Шығыс залы	Қыркүйек
7.	В.Вологодская Бірлескен жетекші	Рашид Нурекеев көрмесі	Уақытша	Периодика залы	1-29 наурыз
8.	А. Хайдарова Жетекші	Кармине Барабароның мерейтойлық көрмесі	Уақытша	Айналма галереясы	14 наурыз -11 сәуір

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде ұйым қызметінің негізгі бағыттарын реттейтін бес Кеңес құрылған, олар: Көркемдік-әдістемелік кеңес, Ғылыми кеңес, Сараптама кеңесі, Реставрациялық кеңес, Қор-сатып алу кеңесі (ҚСАК – қор сатып алу комиссиясы).

Музейдің ғылыми-әдістемелік жұмысына Көркемдік-әдістемелік кеңес басшылық етеді. Ол – музей қызметінің негізгі түрлерін жоспарлап, ұйымдастыруды үйлестіретін алқалық, консультативтік, кеңесші орган. Көркемдік-әдістемелік кеңес қызметінің аясында бірқатар маңызды мәселелер шешіледі, оның ішінде музейдің құрылымдық бөлімшелерінің жоспарлау-есеп

беру қызметінің жүзеге асуын бақылап, музейдің дәрістік-экскурсиялық жұмысының стратегиясын жасайды, ғылыми қызметкерлердің, қор сақтаушылардың, экскурсия жүргізушілердің, дәріскерлердің ғылыми принциптерді, нақтылықты, көрнекілікті, көркемдікті сақтауын және берілетін музей ақпараттарының жоғары сапалы болуын қадағалайды.

2023 жылы Көркемдік-әдістемелік кеңес жиналыстарын жүйелі түрде өткізу мынадай мақсаттар бойынша жоспарланды:

- мемлекеттік музейдің ғылыми жұмыстарының перспективалық жобалары мен жылдық жоспарларының жүзеге асуын бақылау;
- экскурсияны жүйелі тыңдау, ғылыми-ағарту жұмыстарының тәжірибесін талқылау және қорытындылау;
- мемлекеттік өнер музейінің тұжырымдамаларының, құрылымдарының, тақырыптық-экспозициялық жоспарлары мен тұрақты экспозицияларының сәулеттік-көркемдік шешімдері мен көрмелерінің жобаларын дайындау;
- экскурсия жүргізуші мен ғылыми қызметкерді ғылыми-ағартушылық жұмыс жүргізуге жіберу мүмкіндігін талқылау (экскурсия өткізу, дәріс оқу);
- ғылыми қызметкердің атқаратын қызметіне лайықтылығы туралы баға беру және аттестацияға ұсыну, ғылыми қызметкердің сынақ мерзімінен өткені туралы кепілдемелер, қызметкердің біліктілігін арттыру туралы ұсыныстар мен кепілдемелер беру;
- музейдің мәдени іс-шараларының жетекшісін белгілеп, жобасының алғашқы концепциясын әзірлеп, жоспарын бекіту;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарының, сондай-ақ инновацияларды енгізудің нәтижелілігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- ғылыми құжаттама жобалары: зерттеу жобалары мен бағдарламаларды (қорларды, экспедицияларды, іссапарларды, шет елдік тағлымдамаларды, гранттарды іріктеп жинақтау), экспозиция және көрме тұжырымдамаларын, тақырыптық-экспозициялық жоспарларды, экскурсия жүргізушіге көмек ретінде мәтіндерді, дәріс мәтіндерін, мақалаларды, ғылыми баяндамаларды, есептерді, әдістемелік зерттеулерді, жаңа экскурсиялар мен лекциялардың мәтіндерін, мәдени-көпшілік шараларды, білім беру бағдарламаларын, үйірмелер мен студия жұмысының жоспарларын қарастыру.

КӨРМЕ-ЭКСПОЗИЦИЯ ЖҰМЫСЫ

Музей экспозициясы тұрақты және уақытша көрмелер болып екі негізгі бөлімге бөлінген. Залдар мен галереялардағы экспозицияларды және уақытша көрмелерді безендіру жөніндегі барлық жұмыстар, сондай-ақ оларды орындау мерзімдері музейдің жалпы экспозициялық-көрме жоспарына сәйкес жоспарланады.

Тұрақты экспозиция 13 тақырыптық бөлімшені қамтиды, олар: Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері (2 зал), Әбілхан Қастеевтің мемориалдық залы, 1930-

1990 жылдардағы Қазақстан өнері (кескіндеме, мүсін, 3 зал), Тәуелсіз Қазақстан өнері (2 галерея), XX ғасыр және қазіргі заман (заманауи шет ел өнері), орыс өнері, Батыс Еуропа өнері, Шығыс елдері өнері, XX ғасырдағы шет ел өнері. Ағымдағы жылы тұрақты экспозицияның бірнеше бөлімін жаңарту көзделіп отыр, олар: 1930-50 жж Қазақстанның бейнелеу өнері, заманауи шет ел өнері, Жапония өнері.

2023 жылы Музей мен Орталық көрме залында (ОКЗ) өткізілетін уақытша көрмелердің алдын-ала жоспары жасалды. Орталық көрме залы Ә.Қастеев атындағы ҚР МӨМ-нің құрылымдық бөлімшесі ретінде жұмыс істейді, онда музей қызметі аясында түрлі көрмелер мен жобалар өткізіледі.

Жасалған кестеде көрмелерді өткізудің алдын ала жоспары көрсетілген және музейге тәуелсіз себептермен өзгерістер болуы мүмкін.

**Ә.Қастеев атындағы ҚР МӨМ мен орталық көрме залының
2023 жылғы көрмелер жоспарының алдын-ала жобасы**
2023 жылы кем деген 40 уақытша көрме өткізу жоспарланды.

№	Көрме атауы	Өтетін орыны	Уақыты
1.	Герман Титовтың «Барынды сезіну» көрмесі	Периодика залы	25 қаңтар – 22 ақпан
2.	Тараз суретшілері	Акварель залы	11 ақпан-9 наурыз
3.	«Заманауи шетел өнері» галереясын жаңарту	3 қабат	30 қаңтардан бастап
4.	Гүзел Қайрат көрмесі Ümit Playground бағдарламасы Жетекші А.Усентаева	Орталық көрме залы	4 қаңтар-4 ақпан
5.	Испания суретшісі Хосе Кано	Айналма галереясы	8 ақпан – 8 наурыз
6.	Выставка памяти К. Бекенова	Акварель залы	10 ақпан – 12 наурыз
7.	Korkut Lab Event бағдарламасы Жетекші М.Ахметова	Орталық көрме залы	6 ақпан – 20 наурыз
8.	Рашид Нурекеев көрмесі, Целинный арт-орталығы	Периодика залы	1-29 наурыз
9.	Кармине Барбароның көрмесі	Айналма галереясы	14 наурыз-11 сәуір
10.	Ибрагим Көбеков графикасы	Акварель залы	16 наурыз-14 сәуір
11.	Ümit Playground бағдарламасы аясындағы жеңімпаз Назым Болаттың (Қазақстан) көрмесі	Орталық көрме залы	23 наурыз-14 сәуір
12.	Ж. Қайрамбаевтың мерейтойлық «Іздер» көрмесі	Периодика залы	4 сәуір – 4 мамыр
13.	Манғыстау жас суретшілерінің көрмесі	Айналма галереясы	14 сәуір – 14 мамыр
14.	С.Алчембаевтың 80 жылдығына	Акварель залы	18 сәуір– 15мамыр

	орай мүсіндер көрмесі		
15.	Жібек жолы бағдарламасының 35 жылдығына орай Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері көрмесі	Шығыс залы	24 наурыз – 30 сәуір
16.	Қамқоршылар Клубының көктемгі коктейлі	Орталық көрме залы	18 сәуір – 18 мамыр
17.	Korkut Sound Art Lab Event бағдарламасы	Орталық көрме залы	16 сәуір – 16 мамыр
18.	Гүлмарал Тәтібаеваның көрмесі	Периодика залы	10 мамыр – 7 маусым
19.	Сержан Бәшіровтің көрмесі	Айналма галереясы	16 мамыр – 12 маусым
20.	Зәуре Смағұлованың «Шағылу» гобелендер көрмесі	Акварель залы	19 мамыр – 16 маусым
21.	ҚР МӨМ коллекциясынан Жапония өнері көрмесі	Шығыс залы	Ашылуы каталогтың баспадан шығу уақытына орай
22.	Жеке коллекциядағы қазақстандық суретшілер жұмыстары	Периодика залы	14 маусым – 10 шілде
23.	В. Приходько көрмесі (Павлодар)	Айналма галереясы	16 маусым – 14 шілде
24.	Ресейлік жас суретшілер мен Мәскеу галереясының көрмесі	Акварель залы	20 маусым – 18 шілде
25.	Білім беру бағдарламасы: Tselinny Summertime Горизонт 2.0 таныстырылымы Мәдина Тлостанованың қазақ тіліндегі “ Болмыс, білім мен сезімді босату” кітабының тұсаукесері	Орталық көрме залы	1-30 маусым
26.	Влад Слудскийдің жетекшілік жобасы, Еуразиялық мәдени Альянс	Периодика залы	14 шілде – 11 тамыз
27.	Дәрігерлер күніне орай топтық көрме, жетекші Л. Дроздова	Айналма галереясы	21 шілде – 20 тамыз
28.	Болат Ахметовтың кескіндеме көрмесі	Акварель залы	20 шілде – 20 тамыз
29.	Korkut Sound Art Lab Event бағдарламасы Әлима Бисеневаның “Qazaqstan, Казахстан, قازاقستان: Заманауи отарсыздандыру дискурсының лабиринты. А. Бисенова” кітабының тұсаукесері	Орталық көрме залы	1 шілде – 1 тамыз
30.	Гуля Громованың көрмесі (Өзбекстан)	Периодика залы	18 тамыз – 15 қыркүйек

31.	«Бақытты тасбақа» топтық көрмесі Лейла Ахмет-Осман және басқалар	Айналма галереясы	23 тамыз – 20 қыркүйек
32.	Гүлфарида Джаниярованың көрмесі	Акварель зал	25 тамыз – 25 қыркүйек
33.	Жоба тұсаукесері. Құжаттама/ Халықаралық институциямен архивтік практикум Нари Шелекпаевтың “ Е.Г. Брусиловскийдің естеліктері” кітабының тұсаукесері	Орталық көрме залы	1 тамыз – 1 қыркүйек
34.	Білім беру бағдарламасы: Tselinny Summertime “Azбука Strikes Back” от Slavs and Tatars and Leah Feldman кітабының тұсаукесері/ ағылш. нұсқасы	Орталық көрме залы	1 тамыз – 1 қыркүйек
35.	Ғалым Мадановтың көрмесі, арт-целинный	Периодика залы	21 қыркүйек – 19 қазан
36.	Медат Кагаровтың көрмесі (Өзбекстан)	Обходная галерея	26 қыркүйек – 24 қазан
37.	Рустам Шамахановтың мүсіндер көрмесі	Акварель зал	28 қыркүйек – 26 қазан
38.	«Орыс мезгілдері» халықаралық көрмесі (Репин ат.Академия, Санкт-Петербург)	Шығыс залы	15 қыркүйек – 15 қазан
39.	Korkut Lab Event бағдарламасы	Орталық көрме залы	1 қыркүйек – 1 қазан
40.	Нұрбол Нұрахметтің көрмесі	Периодика залы	24 қазан- 15қараша
41.	Михаил Ким жеке көрмесі (100 жылдығына орай)	Айналма галереясы	27 қазан – 24 қараша
42.	Лидия Блинованың сәндік-қолданбалы өнер көрмесі (зергерлік, ұлттық киім)	Акварель залы	1-28 қараша
43.	Korkut Lab Event бағдарламасы Ümit Playground бағдарламасы	Орталық көрме залы	1 қазан – 1 қараша
44.	Амандос Ақанаевтың мерейтойлық көрмесі	Периодика залы	21 қараша – 12 желтоқсан
45.	ҚР Суретшілер одағының 90 жылдығы көрмесі		
46.	Жұбановтың 95 жылдығына Өнер академиясының көрмесі	Айналма галереясы	29 қараша – 31 желтоқсан
47.	Ақтөбе музейі туындыларының көрмесі	Шығыс залы	21 қараша – 4 қаңтар

48.	Ümit Playground бағдарламасы Korkut Lab Event бағдарламасы	Орталық көрме залы	1 қараша – 31 желтоқсан
49.	Құттыбек Жақыповтың көрмесі (сәндік-қолданбалы өнер)	Периодика залы	15 желтоқсан – 15 қаңтар
50.	Бибігүл Смақова мен Күләш Төрембаеваның көрмесі	Акварель залы	6-31 желтоқсан
51.	Қамқоршылар мен Серіктестер Клубының Жаңажылдық коктейлі	Орталық көрме залы	

Экспозиция бөлімінің өндірістік-жоспарлау қызметі

- Тұрақты экспозиция мен уақытша көрмелерге арналған экспозиция залдарын жобалау және монтаждау.
- МӨМ қорынан жоспарланған мерейтойлық көрмелерге жаңа багетке көркем туындыларды безендіру – қажетінше.
- Этикетканың жаңа дизайнын жасау, ескілерін модернизацияланған мөлдір нұсқасына кезең-кезеңмен ауыстыру.
- Этикетканы дайындау, аннотацияларды және басқа да ақпараттық материалдарды рәсімдеу; қор сақтаушылардың ішкі қозғалыс актілері бойынша туындылардың сақталуын қабылдау.
- Барлық уақытша көрмелерге экспонаттарды қабылдау және қайтару актілерін жүргізу.
- Барлық уақытша көрмелердің экспонаттарының тізімінің Мұрағатын құру.
- Барлық көрмелер мен экспозициялардың аннотациялары мен афишаларының мұрағатын құру.
- Ішкі қозғалыс актісінің мұрағатын құру.
- Қор сақтаушылармен бірлесіп, залдардағы экспонаттардың сақталу күйін бақылау.
- Экспонаттардың біркелкі іліну деңгейін бақылау.
- Экспозициядағы экспонаттарды орнына қайтару (теле-, фото-, киноға түсіру және т. б. үшін пайдаланылған)
- Музейдің қоғамдық өміріне араласу (залдарды семинарларға, концерттерге, түсірілімдерге және мерекелік іс-шараларға дайындау).

Безендіруші-суретшілердің жұмысы

- қорлардан көшпелі көрмелерге арналған туындыларды тасымалдау үшін буып-түю жабдықтарын (жәшіктерді) дайындау;
- көрме-экспозиция жұмысына белсене араласу;
- барлық жоспарлаған көрмелерді балалар суреттері мен графикалық жұмыстармен безендіру;
- залдардағы, күнделікті кішігірім жөндеу жұмыстары, қажет болса, көрме жабдықтарын жөндеу;
- көрме тақталарын жаңа матамен қаптау.

Зал қараушылардың жұмысын бақылау

- залдарда күнделікті есепке алу және экспонаттардың қозғалыс журналдарын жүргізу;
- өндірістік жиналыстар, жедел жиналыстар;
- зал қараушылардың кезекшілік графигін жасау;
- залдардың жиналуын бақылау және т.б.

МУЗЕЙДІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

Музейдегі баспасөз қызметінің маңызды міндеті – музейде өтетін іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде уақтылы көрсету ғана емес, көрермендермен өзара белсенді араласу. Сондай-ақ, бөлімнің басты міндетінің бірі – музей қызметінің барлық түрін кеңінен насихаттау. Баспасөз бөлімінің жұмысы музейдің мәдени-ағартушылық қызметін дәрістер, экскурсиялар, музей мерекелері, дөңгелек үстелдер, конференциялар, тақырыптық дәрістер, шығармашылық кездесулер, семинарлар сияқты әр түрлі формада көрермендерге таныстыруға бағытталған. Мәдени-ағартушылық іс-шаралар көрермендермен бір реттік байланыс үшін ғана емес, сонымен қатар олардың музейге тұраты әрі жүйелі түрде баруына себеп болуы керек.

Музейдің 2023 жылға жоспарланған іс-шараларына сәйкес музейдің баспасөз қызметі мынадай жұмыс түрлерін жүзеге асырады:

- бұқаралық ақпарат құралдарын кеңейту, музей іс-шараларын қызықты әрі жарқын етіп жариялау;
- қазіргі экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайларда музейді дамыту міндеттерін іске асырудың жаңа тәсілдерін зерттеу;
- республикалық және халықаралық конференцияларда баяндамалар, таныстырылымдар мен жарияланымдар дайындау;
- біліктілікті арттыруға байланысты семинарлар мен тренингтерге қатысу;
- музей іс-шараларын ұйымдастыруға белсене қатысу;
- көрмелерге жетекшілік ету;
- музейдің көрмелері мен басқа да іс-шаралары туралы сұхбат беру;
- музей қызметі жайында мақалаларды журналдарда, газеттерде және электронды порталдарда жариялау;
- экскурсиялар жүргізу жұмыстарын да жоспарлайды.

Дөңгелек үстелдер, шығармашылық кездесулер, көрмелерді талқылау

2023 жылы бірқатар маңызды көрмелер мен жобаларға қатысты арнайы дөңгелек үстелдер мен ғылыми семинарлар өткізілетін болады. Пікірталас алаңының форматы мамандарды, суретшілерді, оқушылар мен БАҚ өкілдерін біріктіруге мүмкіндік береді.

2023 жылы жоспарланды:

- Музей жинақтарынан Жапония өнері каталогының тұсаукесері бойынша пресс-конференция;
- ҚР Суретшілер Одағының жыл сайынғы есептік көрмесі бойынша дөңгелек үстел;
- Қазақстанның көрнекті шеберлері – кескіндемешілер мен графистердің көрмелері бойынша дөңгелек үстелдер;
- Өнер және көркемдік мәдениет кітаптарының тұсаукесері.

МУЗЕЙ ПЕДАГОГИКАСЫ және ЖОБАЛАУ ҚЫЗМЕТІ БӨЛІМІ

Бөлім жұмысының негізгі түрлері: экскурсиялар мен дәрістер ұйымдастырып, өткізу, жобалық қызмет, сыртқы байланыстар, соның ішінде дипломатиялық өкілдіктермен, қоғамдық ұйымдармен, қорлармен және барлық деңгейдегі оқу орындарымен байланыс, сондай-ақ әртүрлі шығармашылық жобаларды ұйымдастыру (серіктес компаниялармен бірлесіп) практикалық шеберлік сабақтарын, балалар мен ересектерге арналған білім беру бағдарламаларын, сән көрсетілімдерін ұйымдастыру және т. б. Бөлім музей жанындағы Арт – зертхана-бейнелеу өнерін оқыту студиясына жетекшілік етеді. Музейдің электрондық ресурстарында жариялау үшін онлайн форматта дәрістер мен презентациялар дайындауға белсенді қатысады.

Бөлімнің кадрлық құрамы 8 қызметкерден тұрады:

1. Бөлім жетекшісі –Жуваниязова Гүлнар
2. Нугуманова Шолпан
3. Азат Дидар
4. Бекбаулиева Гүлденай
5. Жиенбаев Дарын
6. Кулжанова Дариға
7. Әбуқазы Ақниет
8. Көпжүрсін Айгерім (05% жүктеме)

Бұл бөлім – музей мен аудитория арасын байланыстырушы негізгі аралық буын болып табылады. Қызметкерлер музей өміріне, барлық музей жобаларын ұйымдастыруға және жүзеге асыруға белсене қатысады. Ең алдымен жұмыстың мына түрлері атқарылады:

- экскурсиялар мен дәрістерді ұйымдастырып, өткізу;
- маңызды атаулы күндерге орайластырылған көрмелерді жүзеге асыруға жәрдемдесу;
- аудиогидпен және ақпараттық дүңгіршекпен жұмыс істеуге қатысу;
- «Әсем Әлем» Өнер академиясының әлемдік өнер тарихы бойынша дәрістер циклын ұйымдастыруға қатысу;
- Халықаралық музей күніне орайластырылған музей жобаларын, музейдегі Наурыз бағдарламасын, 1 маусым - Халықаралық

балаларды қорғау күніне арналған бағдарламалар (іс-шара тақырыбын сақтай отырып, шеберлік сағаттары, концерттік бағдарламалар мен интерактивті бос уақытты ұйымдастырып экспозициялық кеңістіктер бойынша экскурсиялық бағдарлама) ұйымдастыру;

- Мектеп демалысы кезінде мектеп жасындағы балаларға арналған «Ғажайып шам» музей жобасын (тақырыптық экскурсиялар мен шеберлік сағаттары) жүзеге асыру.

Жобалық қызмет 2023 жылы келесі музей оқиғаларын дайындап, іске асыруға қатысуды көздейді:

- жыл сайынғы **«Музейдегі Наурыз»** жобасы іс-шара тақырыптарын сақтай отырып, экспозициялық кеңістіктер бойынша экскурсиялық бағдарлама әзірлеу, шеберлік сабақтарын, концерттік және интерактивті бағдарламалар ұйымдастыру;
- **«Музей түні» Халықаралық музейлер күніне** орай бірегей дәрістік-экскурсиялық бағдарлама, шеберлік сағаттар, концерттік және интерактивті бағдарламалар ұйымдастыру;
- **«Ғажайып шам» мектеп демалысы кезінде бағдарламасы** – тақырыптық экскурсиялар мен шеберлік сабақтарын кеңейту, демалыс кезеңінде оқушыларға тұрақты негізде білім беру бағдарламасын өткізу;
- **«Әсем Әлем» циклі** аясында дәрістер ұйымдастыру – техникалық және ақпараттық қолдау;
- **«Әсем Әлем жастар»** - әлемдік көркем мәдениет тарихы бойынша балаларға арналған дәрістер топтамасы;
- **«Қазақ әуендері» АҚ-ның «Ұлағатты ұрпақ» түсірілімдері** үшін онлайн видео-сабақтар ұйымдастыру мен қатысу.

2023 жылдың жоспарына орталық қызметкерлеріне **225 экскурсия** жүргізу белгіленді.

Экскурсия жүргізуші	Тілі	Жалпы саны	Экскурсия түрі
Г.К.Жуваниязова	Қазақ тілі	50	Шолу, тақырыптық
Ш. М.Нугуманова	Орыс тілі	70	Шолу, тақырыптық
Г.Бекбаулиева	Қазақ тілі	25	Тақырыптық
Азат Дидар	Ағылш. т	20	Тақырыптық
Д.Жиенбаев	Қазақ тілі	20	Тақырыптық
А.Көпжүрсін	Қазақ тілі	10	Тақырыптық
Д.Кулжанова	Қазақ тілі Орыс тілі	10	Тақырыптық
А.Әбуқазы	Қазақ тілі	10	Тақырыптық
М.Айдарова	Орыс тілі	10	Тақырыптық
Барлығы			225

Бөлім қызметкерлері музей экспозициясының **12 тақырыптық бөлім бойынша** жаңа экскурсия тапсыруға дайындалуда (экскурсиялар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде)

Экскурсия жүргізуші	Тілі	Атауы	Тапсыру мерзімі	Саны
Азат Дидар	Ағылш. Тілі	Қазақстан бейнелеу өнері	ақпан	2
		Батысеуропалық өнер	маусым	
Г.Бекбаулиев а	Қазақ тілі	Орыс өнері	ақпан	2
		Қазақстан бейнелеу өнері	маусым	
Д.Жиенбаев	Қазақ тілі	Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері	ақпан	2
		Қазақстан бейнелеу өнері	маусым	
А.Көпжүрсін	Қазақ тілі	Орыс өнері	ақпан	2
		Ә.Қастеев шығармашылығы	маусым	
Д.Кулжанова	Қазақ тілі	Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері	ақпан	2
		Ә.Қастеев шығармашылығы	маусым	
А.Әбуқазы	Қазақ тілі	Ә.Қастеев шығармашылығы	ақпан	2
		Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері	маусым	
БАРЛЫҒЫ				12

Оқылатын 6 дәріс

Дәріс оқушы	Дәріс тілі	Тақырып атауы	Саны
Г.Жуваниязова	Қазақ тілі	Қазақтың дәстүрлі тері ұқсату тәсілдері және қолданылу ерекшеліктері	4
	Қазақ тілі	Қазақстан гобелен өнерінің қалыптасуы мен даму ерекшелігі	
	Қазақ тілі	Қазақ халқының киіз басу өнері	
	Қазақ тілі	Қазақстан заманауи кесте өнері	
Ш.Нугуманова	Орыс тілі	Асем Алем Джуниор үшін «Суретшілер шығармашылығындағы музыка өнері мен қайраткерлері» (жұмыс тақырыбы)	2
	Орыс тілі	«Творчество А. Кастеева»	
Барлығы		6	

Ағымдағы жылы бөлім қызметкерлері жылсайынғы «Қастеев оқулары - 2023» ғылыми-практикалық конференциясына қатысуға ниетті. Олар мынадай тақырыптардағы мақалалар мен баяндамалар ұсынады:

ТАӘ	Мақала атауы	Баспа түрі	Қайда жерде баспаланады
Г.К Жуваниязова	Қазақ гобелен өнеріндегі дәстүрлі тоқу әдістерді қолданудағы ерекшелік	«Қастеев оқулары» мақалалар жинағы	Ә.Қастеев ат. ҚР МӨМ
Г.Бекбаулиева	Түрлі келушілер категориясына (жасына байланысты) экскурсия жүргізу ерекшеліктері Теория мен тәжірибе	«Қастеев оқулары» мақалалар жинағы	Ә.Қастеев ат. ҚР МӨМ
Азат Дидар	Музей, нарық және эвдемония: экономикалық көзқарас	«Қастеев оқулары» мақалалар жинағы	Ә.Қастеев ат. ҚР МӨМ
Жиенбаев Дарын	Жайпақ ортағасыр қаласы (археология)	«Қастеев оқулары» мақалалар жинағы	Ә.Қастеев ат. ҚР МӨМ
Көпжүрсін Айгерім	«Заманауи әйел суретшілерінің шығармашылығы»	«Қастеев оқулары» мақалалар жинағы	Ә.Қастеев ат. ҚР МӨМ
Әбуқазы Ақниет	Музей қорындағы киіз бұйымдарының сыныпталуы (түрлері)	«Қастеев оқулары» мақалалар жинағы	Ә.Қастеев ат. ҚР МӨМ

Бөлім қызметкерлері жыл бойы уақытша 8 көрмеге жетекшілік етуді жоспарлады.

№	Жұмыс түрі (әзірлеме, ұйым, жетекшілік, т.б)	Экспозиция атауы	Орыны	Уақыты
1	Г.Жуваниязова жетекші	К. Бекеновты еске алу жеке көрмесі	ҚР МӨМ Акварель залы	10.02-12.03
2	Г.Жуваниязова жетекші	ҚР МӨМ АРТ-зертхана студиясының есептік көрмесі	ҚР МӨМ фойе	Наурыз
3	Жиенбаев Дарын Әбуқазы Ақниет жетекшілер	Ахметов Болаттың жеке көрмесі. Кескіндеме	ҚР МӨМ Акварель залы	20.07-20.08
4	Г.Жуваниязова жетекші.	Лидия Дроздованың Медицина	ҚР МӨМ Айналма	21.07-20.08

	Кулжанова Дариға Көпжүрсін Айгерім жетекшілік	қызметкерлеріне арнаған жиынтық көрмесі	галереясы	
5	Азат Дидар жетекші	«Бақытты тасбақа» көрмесі Лейла Осман, Малик Жумагулов.	ҚР МӨМ Айналма галереясы	23.08-20.09
6	Г.Жуваниязова жетекші	Ақтөбе қаласы суретшілерінің көрмесі	ҚР МӨМ Шығыс залы	Қазан
7	Г.Жуваниязова жетекші	ҚР Суретшілер одағының 90 жылдығы есептік көрмесі	ҚР МӨМ	Қараша
8	Г.Бекбаулиева жетекші	Жұбанов А.К. 95 жылдығына орай Өнер академиясының жиынтық көрмесі	ҚР МӨМ Обходная галерея	29.11-31.12

МУЗЕЙДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК және ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ

Бірнеше жылдар бойы Ә.Қастеев ҚР МӨМ мүгедектіктің әртүрлі нышандары бар (тірек-қимыл аппаратының бұзылуы, көру және есту бойынша мүгедектер, менталдық ауытқулары бар адамдар және т. б.) келушілермен жұмыстың әр түріне бағытталған жобаларды жүргізеді. «Баршаға қолжетімді музей» жобасы аясында музей экспозицияларына мәтіндері Брайль қарпімен белгіленген қолданбалы және бейнелеу өнерінің тактильді экспонаттары қойылған. 2023 жылы музей экспозицияны түкті кілем тоқу техникасындағы тактильді экспонаттармен толықтыруға ниетті (қолмен тоқып, дайындаған музей қызметкерлері Н. Баженова мен Г.Жуваниязова).

Жыл бойына музей мүгедектіктің әртүрлі нышандары бар (тірек-қимыл аппаратының бұзылуы, есту және көру бойынша мүгедектер, менталдық ауытқулар) келушілер тобын қабылдайды. Келушілердің осы санаты үшін арнайы экскурсиялар өткізіледі – Н.Баженова

Сондай-ақ, музей инклюзивті жұмыс бойынша түрлі музей ұйымдары арасында тәжірибе алмасуға, сондай-ақ халықаралық іс-шараларға қатысады.

ЦИФРЛАНДЫРУ

Мұражай қорларының сандық 3D мұрағаты цифрланған 3D экспонаттар базасын қамтиды, оның ішінде мүсін, сәндік-қолданбалы өнер объектілері ер-тоқым, зергерлік бұйымдар, тоқыма бұйымдар бар. Музейге келушілерге осы бөлімдегі музей экспозициясын таныстыруға мүмкіндік беретін мультимедиялық дүңгіршіктер бар. Жыл бойы дүңгіршіктердің техникалық жағдайын алдын-ала тексерістен өткізіп, қажет болған жағдайда деректерді жаңарту жұмыстары жүргізіледі.

Сондай-ақ, қауіпсіз сақтау мен есепке алудың және цифрлық 3D мұрағатын үйренудің де маңызы зор. Осы мақсаттарға жету үшін музейде салқындату және өрт сөндіру жүйелері бар серверлік бөлме жабдықталған, онда қорғалған сервер орнатылған (интернетке қосылмаған). Есепке алу-сақтау және ғылыми мақсаттар үшін ҚД ААЖ деректерді есепке алудың автоматтандырылған жүйесі әзірленді. Жүйе толығымен отандық өнім және музей мамандарының талаптарын ескере отырып, ҚР МӨМ қажеттіліктері үшін арнайы әзірленген. Жүйені әртүрлі бағыттағы музейлерге де бейімдеуге болады. Жүйенің сәтті жұмыс істеуі үшін деректерді қағаз нұсқадан цифрлық форматқа ауыстыру арқылы дерекқорды барынша толтыру қажет. Жұмыс бірнеше жылға есептелген, бірақ өте маңызды әрі қажет. 2023 жылы мәліметтер қорына кемінде 200 сақтау бірлігі енгізілетін болады.

2D сандық бейнелердің мұрағатын толықтыру бойынша жұмыс жалғасуда. Қазіргі уақытта цифрландырылған экспонаттардың жалпы саны шамамен 19 000 сақтау бірлігін құрайды.

Ә.Қастеев ат. ҚР МӨМ мәдени құндылықтардың бірыңғай Ұлттық тізілімі мен Мемлекеттік электрондық каталогын қалыптастыру үшін деректер ұсынады. Жыл сайын қазақ және орыс тілдерінде 2 000 және одан да көп сақтау бірлігінің деректері беріледі.

Музейлік аудиогидтердің техникалық жай-күйін тексеру, музей экспозициясымен салыстырып, қадағалау, жаңартылған ақпаратты енгізу цифрландыру саласындағы жұмыстың бір бөлігі болып табылады.

АҚПАРАТ және БАСПА ҚЫЗМЕТІ БӨЛІМІ

Бөлімнің қызметіне түрлі баспа қызметтері, музей жобаларын техникалық қолдау, музейдің кәдесый өнімдерін әзірлеп, жасау кіреді. 2023 жылға келесі жұмыс түрлері жоспарланды:

- **Баспа қызметі:**
 - Музейдің ағымдағы іс-шараларына афишалар, шақырулар мен буклеттер әзірлеу;
 - «Қастеев оқулары» конференциясының баяндамалар жинағын беттеп, басып шығару;
 - Грамоталарды, алғыс хаттарды, сертификаттарды, дипломдарды, құттықтауларды және басқа да күнделікті құжаттарды рәсімдеудің дизайнерлік шешімін әзірлеу және басып шығару.
- **Техникалық жобалар:**
 - Музей іс-шараларына техникалық көмек беру. Жыл бойы.
 - Онлайн форматта жұмыс істеу үшін роликтер мен бейне-презентацияларды монтаждау.
 - Музейдің компьютерлік және ұйымдық техникаларын жөндеу және қызмет көрсету. Жыл бойы.
 - Компьютерлерді бағдарламалық жасақтандыру – операциялық жүйе, антивирустарды жаңалау және орнату, бағдарламалар орнату.
 - Бақылау жүйесі мен қолжетімділікті басқару жүйесін дайындау (СКУД). Бұл рұқсатсыз кіруден қорғау, жұмыс уақытын есепке алуды автоматтандыру, еңбек тәртібін бұзуды бақылау шаралары.
- **Кәдесый өнімдері**
 - Кәдесый өнімдерінің түрлерін көбейту. Музейдің жаңа кәдесый өнімдерін жасау үшін сыртқы ұйымдармен ынтымақтастық.
 - Музейдің кәдесый өнімдерін әзірлеп, шығару.
- **Құжаттарды, музей каталогтарын, Мемлекеттік тізідемеге берілетін мәліметтерді қазақ-орыс тіліне аудару, өңдеу.**

Бөлім аудиогид, ақпараттық дүңгіршекті толықтыру, QR кодтармен жұмыс сияқты музейді бүкіл инновациялық техникамен қамтамасыз ету мақсатында қызмет етеді.

Ә.Қастеев музей-үйі. Ә.Қастеев мұрасын зерттеу орталығы

Ә.Қастеевтің музей-үйінің басты мақсаты – қазақ кескіндемесі кәсіби мектебінің бастау бұлағында тұрған суретші Әбілхан Қастеевтің көркемдік мұрасын зерттеу, сақтау және дәріптеу.

Музейдің құрылымдық бөлімшесі болатын музей-үйдің қызметі – келушілердің алуан тобын тарту, түрлі форматтағы жұмыстар жүргізу, соның ішінде ғылыми және білім беру жұмыстары – суретшінің және суретшімен қатар қызмет еткен басқа да қылқалам шеберлерінің шығармашылығы жайлы дөңгелек үстелдер, студенттерге арналған шеберлік сағаттары мен пленэрлер ұйымдастыру, ғылыми конференцияларға баяндама жасап қатысу.

2023 жылға мынадай жұмыс түрлері жоспарланды:

- Газет-журналдарға Әбілхан Қастеевтің өмірі мен шығармашылығы жайлы мақалалар әзірлеп, жариялау;
- Кемінде 25 экскурсия жүргізу;
- Алматы қаласындағы басқа да мемориалдық кешендерімен – музей-үйлермен ынтымақтастықты күшейту;
- Атаулы объектіге келушілерді көбейту үшін туристерді молынан тарту мақсатында Алматының туристік ұйымдарымен жұмыс;
- Үйді және оған іргелес аумақты тәртіппен ұстау, мүмкіндігінше косметикалық жөндеу жұмыстарын жүргізу.

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА СЕКТОРЫ

Музей кітапханасы – музейдің маңызды және ажырамас бөлігі, оның зерттеу, әдістемелік және қор жұмысының ғылыми базасы. Ғылыми кітапхана секторында 29 434 сақтау бірлігінен тұратын едәуір кітап және мұрағат қоры бар. Каталогтары – алфавиттік және жүйелі. Мұрағат 2084 папканы қамтиды, олардың 1723 - суретшілер папкасы, 65 - өнертанушылар папкасы, 310 - тақырыптық папка.

Қормен жұмыс істеу мыналарды талап етеді:

- Суретшілер жайлы ақпараттарды жүйелеу, мерзімдік басылымдар – газет-журналдарды жүйелі қарап отыру, материалдардың көшірмесін жасау.
- Инвентарлық сипаттама, Әбілхан Қастеев атындағы ҚР МӨМ кітапханасына бірыңғай инвентарлық нөмір беру.
- Бақылау талондарының картотекасын жүргізу (түгендеу нөмірін, автордың тегін немесе кітап атауының бірінші сөзін көрсетеді). Бақылау талондары инв. тәртібімен белгіленіп реттеледі, инвернарлы кітаптармен салыстырылады. Бақылау талондарының картотекасы қорды тексеру, кітаптардың инв. нөмір нақтылау кезінде пайдаланады.
- Библиографиялық сипаттама. Сипаттама жасалынатын нысандар: кітап, бөлім, тарау және т.б.
- Алфавиттік және жүйелік каталогтармен жұмыс тұрақты редакцияланады.
- Баспа туындыларын қорда орналастыру;

- Аыратқыштарды жаңарту;
- 1960-2000-жылдардағы афишаларды жүйелеу;
- Мұқабаларды ішінара реставрациялау;
- Жаңадан түскен мерзімді басылымдарды өңдеу;
- Жаңадан түскен кітаптарды кітапхана қорына рәсімдеу;
- Музей қызметкерлері мен студенттерді (арнаулы рұқсат бойынша) оқу залдарына жіберу;
- Кітапхана қорының электрондық каталогын құру (мүмкіндігінше);
- Қолға берілген басылымдар мен олардың уақтылы қайтарылу есебін жүргізу;
- Газет және журнал мақалаларының картотекасына 1000 карточка енгізу.

ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ҒИМАРАТТЫ КҮТІП ҰСТАУ МЕН ҒИМАРАТҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БӨЛІМІ

№	Жұмыстың атауы	Орындалу мерзімі	Жауапты тұлға
1	2023 жылға коммуналдық қызметтермен келісімшартқа отыру (Энергосбыт, Бастау, ТоспаСу, АлТС) және т.б	Қаңтар, ақпан	Байкенжеев Г.С.
2	Жолаушылар жеделсатын жөндеу	Қаңтар, ақпан	Байкенжеев Г.С.
3	Алматы қ. СЭС талабына сәйкес чиллер айналасына дыбыс бәсеңдетуші құрылғыны орнату	Сәуір, мамыр	Байкенжеев Г.С.
4	Тоңазытқыш машиналарын (№1,№2 чиллерлер) жазғы маусымға дайындау	Сәуір, мамыр	Байкенжеев Г.С.
5	Жаз-күз маусымына газондарды суғару жүйесін дайындап, қалпына келтіру жұмыстары	Наурыз, сәуір	Байкенжеев Г.С.
6	Экспозициялық залдар мен қорсақтамаларда едендік және кассеталық ауа баптағыштарды орнату	Сәуір, мамыр	Байкенжеев Г.С. Сатыбалды Н.
7	Пайдаланылған, жарамсыз сынапты люминесцентті шамдарды кәдеге жаратуға	Мамыр, маусым. Конкурстық негізде	Байкенжеев Г.С.

	тапсыру		
8	Желдету жүйесі бойынша 2 жылытудан калориферлерді жөндеу / ауыстыру	II жартыжылдық. Конкурстық негізде	Байкенжеев Г.С.
9	Ә.Қастеев атындағы ҚР МӨМ, ОКЗ, Ә.Қастеевтің музей-үйіндегі бақылау-өлшеу құралдарын мемлекеттік тексеруден өткізу	II жартыжылдық. Конкурстық негізде	Байкенжеев Г.С.
10	Ағымдағы жылыту маусымы аяқталғаннан кейін элеваторда және жылыту жүйелерінің құбырларында келесі жылыту маусымына дайындыққа байланысты алдын-алу жұмыстарын жүргізу	II жартыжылдық	Байкенжеев Г.С.
11	Жылыту маусымының басталуына қажетті құжаттаманы дайындау және тиісті инстанциялардан рұқсат алу	Тамыз, қыркүйек	Байкенжеев Г.С.
12	Музейдің шатырына ағымдағы/күрделі жөндеу	II жартыжылдық. Конкурстық негізде	Байкенжеев Г.С.
13	ҚЕ (Қауіпсіздік ережелері) бойынша профилактикалық сынақ пен энергосараптамадан өткізу	II жартыжылдық. Конкурстық негізде	Байкенжеев Г.С.
14	Қысқы кезеңге суару жүйесін сақтау	Қазан-қараша	Байкенжеев Г.С.
15	ОКЗ-дағы жылу жүйесін жөндеу немесе қайта жаңарту	I жартыжылдық. Конкурстық негізде	Байкенжеев Г.С.